



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
2008 ЖЫЛҒЫ 23 ҚАҢТАРДАҒЫ  
№ 3 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

**Ақша-кредит саясатының 2008-2009 жылдарға арналған негізгі бағыттары  
туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 146 қаулысымен Ақша-кредит саясатының 2008-2009 жылдарға арналған негізгі бағыттары қабылданды.

Ақша-кредит саясатының негізгі бағыттары Ұлттық Банктің негізгі концептуалдық құжаты болып табылады, болжанған сценарийлер шеңберінде осы құжатта ақша-кредит саясатының негізгі көрсеткіштерінің, оның ішінде инфляцияның болжамдық өлшемдері, сондай-ақ Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының шаралары айқындалды.

Айқындалмаушылық жағдайында әлемдік қаржы нарығының және тиісінше ішкі экономиканың даму перспективаларына қатысты Ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарын алдағы үш жылға емес, екі жылға, яғни 2008-2009 жылдарға әзірленді. Айқындалмаушылықтың төмендеуіне қарай Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің үш жылдық кезеңге арналған Ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарын әзірлеу практикасына қайтып оралуға ниеті бар.

Ұлттық Банктің баға тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша негізгі мақсатын іске асырумен қатар Ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарында банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешеніне ерекше назар аударылды.

Ұлттық Банк Қазақстан экономикасының дамуының екі сценарлық нұсқасын қарастырды: базалық және пессимистік. Бұл ретте базалық сценарийді жүзеге асыру неғұрлым шындыққа жанасады деп саналады, ал пессимистік сценарий көбіне гипотетикалық ретінде ұсынылды, оны жүзеге асыру мүмкіндігі аса жоғары емес болып бағаланады. Соған қарамастан құжатта Ұлттық Банктің екі сценарийді жүзеге асырылған жағдайдағы шаралары көрініс тапты.

Ұлттық Банктің 2008-2009 жылдарға арналған ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты базалық және сол сияқты пессимистік сценарийді жүзеге асыру кезінде жылдық инфляцияны 2008 жылы 7,9-9,9% және 2009 жылы 7,5-9,5% деңгейде ұстап тұру болады (өткен жылдың желтоқсанымен салыстырғанда желтоқсанда). Бұл орташа жылдық инфляцияның 2008 жылғы 16-18% және 2009 жылғы 8-10% шегіндегі деңгейіне сәйкес келеді.